

БАНКТІК ӨТІМДІЛІКТІ БАҒАЛАУ: МАҚСАТТАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

Қуатбекова Даяна Шохановна

kuatbekovad@gmail.com

Экономика факультетінің, «Қаржы» кафедрасының магистранты,

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – э.ғ.к., профессор Жоламанова М.Т.

Коммерциялық банктің табысты қызметінің негізіндеоның өтімділігінде жатыр. Өтімділік – бұл банк қызметінің сапалық сипаттамаларының бірі, оның сенімділігін анықтайды. Банк өтімділігі – банк активтерінің қолма-қол ақшаға немесе төлем құралдарына оңай айналу мүмкіндігі. Банк өтімділігі өзінің есеп айырысу, ағымдағы шоттары бойынша төлем жүргізетін және кредит алуды сұрайтын клиенттер тарапынан ақшалай сұранысты қанағаттандыруға, сондай-ақ депозиттерді алып қойған жағдайда салымшылардың талаптарын қанағаттандыруға арналған [1].

Банктік өтімділік деңгейіне көптеген экономикалық факторлар әсер етеді, сондықтан өтімділікті есептеу, жоспарлау және басқару мәселелері коммерциялық банктердің қызметіндегі маңызды бағытқа айналады. Өтімділіктің тиісті деңгейін қамтамасыз ету өте маңызды, өйткені ол банктің кірістілігіне тікелей байланысты. Қазақстандық банктердің өтімділікті қолдау саласындағы басқару саясаты мұқият ойластырылуы керек және қазіргі экономика жағдайында тек Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің ұсыныстарына ғана емес, сонымен бірге әлемдік қаржы институттары мен жалпы банк жүйесінің тәжірибесіне де бағытталған. Сонымен, Базель III өтімділік стандарттарына қатысты ұсыныстарды қамтиды.

Банктік өтімділікті талдаудың келесі мақсаттары бар:

- нақты өтімділіктің нормативтік және бағалау көрсеткіштеріне сәйкестігін анықтау;
- банктің өтімділігінде теріс үрдістерді тудыратын факторларды айқындау және олардың әсерін барынша азайту;
- банк өтімділігінің нашарлауының теріс үрдістерін анықтау және оларды өзгерту бойынша тиісті шаралар қабылдау;
- алынған деректер негізінде банктің даму стратегиясын анықтау.

Өтімділікті бағалаудың құралдары көптеген факторларға байланысты: банктің мөлшері, қызмет ерекшелігі, мамандардың біліктілігі және әртүрлі аналитикалық көрсеткіштердің қолжетімділігі [2].

Экономикалық дамудың қазіргі кезеңінде банктік өтімділікті бағалаудың екі тәсілін бөліп көрсету әдетке айналған: «қорлар бойынша» және «ағындар бойынша».

Өтімділік «қор» ретінде қолда бар пайдаланылмаған резервтер есебінен активтердің құрылымын олардың жоғары өтімді баптарының пайдасына өзгерту жолымен белгілі бір уақытта клиенттер алдындағы өз міндеттемелерін орындау мүмкіндігі ретінде сипатталады.

Банктің өтімділігін «қор» ретінде бағалауға тэнкоэффициенттік әдістеме болып табылады, ол Ұлттық Банктің міндетті нормативтерін және әрбір банк оларды есептеу туралы шешімді дербес қабылдайтын қосымша нормативтерді қамтиды [3].

Кесте 1 – Міндетті нормативтер

Көрсеткіштер	Норматив
меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенті (k1-1).	$\geq 0,05$
меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенті (k1-2).	$\geq 0,05$

меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенті (k2).	$\geq 0,1$
Банкпен ерекше қатынастармен байланысты емес бір қарыз алушыға тәуекелдің ең жоғары мөлшерінің коэффициенті (k3)	$\geq 0,25$
Банкпен ерекше қатынастармен байланысты бір қарыз алушыға (қарыз алушылар тобына) арналған тәуекелдің ең жоғары мөлшерінің коэффициенті (k3.1)	$\geq 0,1$
Банкпен ерекше қатынастармен байланысты бір қарыз алушы бойынша тәуекелдер сомасының коэффициенті (P0)	≥ 1
бланктік кредиттің ең жоғары мөлшерінің коэффициенті (Бк)	$\geq 0,1$
әрқайсысының мөлшері меншікті капиталдың 10% - ынан асатын бір қарыз алушыға келетін тәуекелдердің жиынтық сомасының коэффициенті (Рк)	≥ 5
ағымдағы өтімділік коэффициенті (к4)	$\geq 0,3$
мерзімді өтімділік коэффициенті к4-1	≥ 1
мерзімді өтімділік коэффициенті к4-2	$\geq 0,9$
мерзімді өтімділік коэффициенті к4-3	$\geq 0,8$
мерзімді валюталық өтімділік коэффициенті к4-4	≥ 1
мерзімді валюталық өтімділік коэффициенті к4-5	$\geq 0,9$
мерзімді валюталық өтімділік коэффициенті к4-6	$\geq 0,8$
банк инвестицияларының ең жоғары мөлшерінің коэффициенті (кб)	$\geq 0,5$
резидент еместер алдындағы қысқа мерзімді міндеттемелердің ең жоғары лимитінің коэффициенті (к7)	$\geq 1,0$
ҚР бейрезиденттері алдындағы міндеттемелерге банктерді капиталдандыру коэффициенті	$\geq 2,0$
Нормативтік стандарт	

Бұл әдістің кемшілігі - алынған мәліметтер статикалық болып табылады және болжам тек өткен кезеңдердегі осы көрсеткіштердің динамикасына негізделеді.

Өтімділікті «ағын» ретінде бағалаудың жалпы принципі - банк көрсеткіштері олардың динамикасы тұрғысынан талданады. Бұл бағалау әдісінің тән мысалы: GAP талдауы. Талдаудың бұл түрі банк балансының өтімділігін бағалауға және талдауға мүмкіндік беруі, бұл өз кезегінде банктің өтімділігіне тікелей әсер етеді [4].

Gар талдау банктің активтері мен пассивтерінің жекелеген уақыт аралықтарында өтеу көлемі мен мерзімі бойынша сәйкес келмеуіне назар аударады. Активтер мен міндеттемелер өтеу мерзімі бойынша топтастырылатын кестені құру және әр уақыт көкжиегіндегі алшақтықты есептеу болжанады. Банктің өтімділігін сандық талдау үшін мынадай көрсеткіштер белгіленеді:

- абсолюттік гар – нақты өтеу мерзімдері бойынша активтер мен пассивтер арасындағы айырма;
- кумулятивтік гар – белгілі бір мерзімдер бойынша өспелі қорытынды бойынша активтер мен пассивтер арасындағы айырма.

Бұл көрсеткіштер ақпараттық сипатқа ие және динамикада салыстыру үшін қолданылады. Сандық айырмашылықтарға сәйкес Банктің белсенді операцияларын жүргізу үшін қаражаттың жеткіліктілігі бағаланады: активтер міндеттемелерден асып кеткен жағдайда, артық өтімділікті көрсететін оң алшақтық байқалады. Әйтпесе, өтімділіктің тапшылығына әкеледі. Сапалы ғар талдауы ғар индикаторын жиынтық алшақтықтың Банктің жалпы активтеріне қатынасы ретінде есептеуді қамтиды. Бұл коэффициент тәуекел деңгейін бағалауға мүмкіндік береді. Салыстырмалы алшақтықты есептеу негізінде оның өзгеру тенденциялары мен сыртқы және ішкі факторлардың әсерін ретроспективті талдау деректерін ескере отырып лимиттер белгіленеді. Үзілістерді талдау кезінде статикалық және динамикалық тәсілді қолдануға болады. Біріншісі, барлық талдау активтер мен міндеттемелердің ағымдағы нақты жағдайына және олардың өзгермейтіндігі туралы болжамға негізделген. Динамикалық тәсіл баланстың баптары бойынша болжамды қалдықтарды есептеу үшін пайдаланудан тұрады [4].

Қазіргі заманғы тәжірибе динамикалық GAP-талдауды қолданудың орындылығын көрсетеді. Оны жүргізу үшін алшақтықтардың мынадай түрлері ескерілуі маңызды:

- ықтимал (қаржы ресурстарының түсімдері мен шығуын, сондай-ақ болашақта күтілетін ақша ағындарын ретроспективті талдау жолымен айқындалады);

- жоспарлы (жекелеген уақыт аралықтарында активтер мен пассивтерді өтеу үшін жоспарланған ағын арасындағы айырма);

- жалпы алшақтық (ықтимал және жоспарлы теңгерімсіздік сомасы).

Оның негізінде «талап ету және өтеу мерзімдері бойынша активтер мен пассивтердің алшақтықтарын талдау» жатыр. Бұл ретте активтер мен пассивтердің жеделдігінің мынадай критерийлері пайдаланылады: мерзімі өткен, талап етілгенге дейін, 1 күн, 2 күннен 7 күнге дейін, 8 күннен 30 күнге дейін, 31 күннен 90 күнге дейін, 91 күннен 180 күнге дейін, 181 күннен 1 жылға дейін, 1 жылдан 3 жылға дейін, 3 жылдан астам, мерзімі жоқ. Өтімділік алшақтығы есепті күнгі активтер мен міндеттемелер арасындағы айырманы білдіреді, ол оң ғар (активтердің пассивтерден асып кетуі), сол сияқты теріс ғар (пассивтердің активтерден асып кетуі) болып табылуы мүмкін.

$$GAP_t = A - L$$

t жеделдігінің алшақтығы GAP берілген жеделділік A активтері мен берілген шұғылдық L пассивтері сомасының айырмасы ретінде айқындалады.

Әрбір шұғылдық үшін жинақталған үзілістерді жинақталған нәтижемен есептеуге болады. Кумулятивтік үзіліс-бұл барлық алдыңғы диапазондарды қамтитын диапазон үшін үзіліс, біріншіден бастап, шұғыл түрде:

$$\text{Cumulative GAP} = \text{Summa GAP}_t$$

Оң GAP өтімділіктің артық болуы ретінде сипатталады, яғни өтімді активтер олардың қажетті мөлшерінен басым болады. Теріс GAP, өз кезегінде, өтімді активтердің жетіспеушілігін, активтердің банк міндеттемелерін жаба алмайтындығын білдіреді. Коэффициенттер әдісі сияқты, GAP талдау әдісі тек статистикалық сипатқа ие.

Қорытынды. Қазіргі экономика серпінді және қозғалмалы, осы жағдайда коммерциялық банктің тұрақты және тиімді жұмыс істеуі үшін менеджмент өтімділікті бағалауға және алынған көрсеткіштерді талдауға көп көңіл бөлуі керек. Осылайша, банк үшін өтімділікті арттыру емес, оның оңтайлы деңгейін сақтау маңызды, бұған банктік өтімділікті сапалы бағалау арқылы және соның салдарынан оның активтері мен міндеттемелерін үйлестірілген басқару арқылы қол жеткізіледі. Басқару шешімдерін қабылдаудың тиімділігі мен уақтылығы Банктің өтімділігін алынған бағалаудың дұрыстығы мен барабарлығына байланысты. Жалпы банктің өтімділігіне тікелей әсер ететін баланстың өтімділігін сақтау несие ұйымының тұрақты және тиімді жұмыс істеуі үшін маңызды.

Талданған сыртқы және ішкі ортаның негізінде банк басшылығы осы несиелік ұйым үшін өтімділікті басқару әдісін әзірлеп, қабылдауы керек. Бұл процестің теориялық негізі әртүрлі уақыт кезеңдерінде қолданылатын өтімділікті басқару теориялары болып табылады.

Егер активтер мен міндеттемелер бөлек зерттеліп, реттелсе, өтімділікті басқару тиімдірек болады.

Өтімділікті бағалау банктік өтімділіктің өзгеруін (нашарлауын немесе жақсаруын) куәландыратын үрдістерді уақтылы анықтауға, сондай-ақ бұған әсер етпеген факторларды талдауға мүмкіндік береді. Алынған мәліметтер негізінде банк басшылығы өтімділікті басқару бойынша тиісті шаралар қабылдауы қажет. Өтімділікті басқару өте көп уақытты қажет ететін процесс, оның тиімділігі үшін әсер ету факторларын зерттеу және ескеру, әдісті әзірлеу және оны жүзеге асыру қажет, ал қорытынды кезеңде орындалған жұмыстың тиімділігін бағалау қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Михайлов, А. Г. Коммерческие банки: методы оценки надежности / А. Г. Михайлов // Банковское дело. – Юрист, 2013.
2. Бутенко, К.А. Оценка ликвидности банка внешними пользователями // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. - 2015.
3. Банктердің міндетті нормативтері туралы <https://nationalbank.kz/kz?switch=russian>
4. Ivo Zupanovic. Sustainable risk management in the banking sector risks [Text] / I. Zupanovic // Journal of Central Banking Theory and Practice. – 2014. - No 1. – S.100

УДК 336.64

СОВРЕМЕННЫЕ МЕТОДЫ ФИНАНСОВОЙ СТРАТЕГИИ КОМПАНИИ И ЕЕ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ

Кумар Ермухаммед Аскарулы

ermu_han@mail.ru

магистрант 2 курса, Экономического факультета ЕНУ им Л.Н. Гумилева,
Республика Казахстан, г. Нур-Султан

Научный руководитель – к.э.н., Ph D, профессор кафедры «Финансы»
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева Сапарова Б.С.

Введение. Компании могут разрабатывать основную финансовую стратегию, оперативную финансовую стратегию и стратегию выполнения отдельных стратегических задач, или стратегию достижения отдельных стратегических целей. Главная финансовая стратегия компании согласуется как по горизонту планирования (периоду времени, охватываемому планированием), так и по масштабности поставленных целей. Он состоит из нескольких оперативных финансовых стратегий, но не является их простой суммой. Оперативная финансовая стратегия компании базируется на краткосрочной основе главной финансовой стратегии и выполняет определенную часть целей, поставленных в главной стратегии.

Финансовая стратегия компании включает в себя политику совершенствования основных и оборотных средств, управления капиталом, распределения прибыли, безналичных расчетов, налогового менеджмента, ценных бумаг, охватывая все стороны деятельности компаний. Названные составляющие финансовой стратегии определяют объекты финансовой стратегии - доходы и поступления средств, расходы и отчисления средств, отношения с бюджетными и внебюджетными фондами, кредитные отношения.

Анализ методов совершенствования финансовой стратегии компании. Стратегия выполнения отдельных стратегических задач или стратегия достижения отдельных стратегических целей не имеют временных ограничений, охватываемых планированием, а направлены на выполнение только одной стратегической задачи или только одной части стратегической цели.

Для совершенствования финансового стратегии в компании можно применить несколько различных методов.